
The background features a soft, painterly style with a light purple and white bokeh effect. Pink flowers with green leaves are arranged in a decorative border along the top-left and bottom-right corners. The central text is in a bold, dark blue, italicized font.

***Мамандығым -  
мақтанышым***



**Ашық тәрбие сағаттың мақсаты: Оқушылардың болашақ мамандығын айқын да сенімді таңдауға бағыт беру; Мамандыққа байланысты термин сөздердің жалпы мағынасын аша білу; Қоғамға бір пайдасы тиетін мамандық иесі болуға тәрбиелеу**

## «Жасырынған әріптер»

Бүгінгі сабағымыз не жайында екенін білу үшін оқушыларға әріптер араласқан сөздер беріледі. Сол әріптерді дұрыс орналастырып, жасырынған сөзді табу қажет

1. Ужинратлс-
2. Ұмаілғм-
3. Усшірет-
4. Ғабутлер-
5. Рідәрег-
6. Хпосиогл-
7. Фдтеоекогл-
8. Рэлктиек-

• «Мамандық таңдау» бейнесюжетті көрсету

• [https://youtu.be/cdvK\\_grLI-c](https://youtu.be/cdvK_grLI-c)

- Мамандық дегеніміз не?



Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат,  
өйткені мұғалім – мектептің жүрегі – деп  
Ыбырай Алтынсарин атамыз айтып  
кеткендей дүниедегі мамандық атаулының  
төресі – ол ұстаздық екен. Шынында да,  
мұғалім барлық мамандықиесін  
тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді  
абзал жандар. «Мұғалім мамандығы–  
барлық мамандықтың анасы» демекші,  
ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ.

Мұғалім өз мамандығы туралы айтады

## Мен таңдайтын мамандық...

Ай-һой, ғажап қандай бұл!  
Ал, қане кәсіп таңдай біл:  
Аламын қандай мамандық,  
Алдымда толған таңдау  
тұр.

Әлемге ән боп жалғанар,  
Әйгілі небір тарландар.  
Әуелей ұшқан аққудың  
Әсерлі үнін салған дәл  
Әміре менен Күләштай,  
Әнші болсам не арман  
бар?

Кәсіпкер болсам егер де?  
Бар әлемді кезем де:  
Бар пайданы ойламай,  
Барымды берем мен елге.

Велосипед мініп, одан да  
Вело-спортшы болам ба?  
Вело жарыс жолында  
Великпен желден озам да.

Геолог болып тегі мен,  
Гүл жайнаған өңірден:  
Гүлдеп күн-түн деп тынбайтын,  
Газдың ашам кенін мен.

Ғалымның жолы- ғажайып!  
Ғибрат сабақ алайық.  
Ғұмыр бойы ізденіп,  
Ғанибет ашу -жаналық.

Ғылымға құмар қалпыммен,  
Ғарышкер болам, бәлкім, мен:  
Ғұмырлы қазақ елінің,  
Ғарышқа жаяр салтын кен...

Ес көретін өз елі,  
Ер мінезді, беделді:  
Ел мен елді дос етер,  
Елші болғым келеді...

(Оқушылар мәнерлеп оқиды)

## «Ең жақсы» ойыны

Қазір сендерге мамандықтардың кейбір ерекше мінездемелерін ұсынамын, ал сендер берілген мінездемеге сәйкес келетін мамандықты атайсыңдар.

- Ең жасыл-----
- Ең тәтті-----
- Ең ақшалы-----
- Ең күлкілі-----
- Ең жауапты -----
- Ең салмақты-----
- Ең қарым-қатынасы күшті-----



# Ойтолғау

- Мен нені білемін?
- Мен нені білгім келеді?
- Мен нені білдім?

- Ж. Аймауытов айтқандай

«Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ, мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» егеменді еліміздің ертеңі

— маман иелері болуларыңызға тілектестігімді білдіремін!